

Елді мекенде салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттерін бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 30 қарашадағы № 228 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 13 желтоқсанда № 5069 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 529-бабы 6-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 2-тармағына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданының елді мекендерінде салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте қамтамасыз етсін:

1) осы қаулыны Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның мемлекеттік және орыс тіліндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның Солтүстік Қазақстан облыстық филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін жолдауды;

3) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Тимирязев ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы ресми жариялануға тиіс және 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы
Тимирязев ауданының әкімі

Е. Сағдиев

"КЕЛІСІЛГЕН"

Тимирязев ауданы бойынша

мемлекеттік кірістер
басқармасының басшысы
_____ Б. Бәлдіков
2018 жылғы " " _____

Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы
әкімдігінің 2018 жылғы " " _____
№ _____ қаулысына қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданының елді мекендерінде салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттері

№	Салық салу объектісінің елді мекенде орналасуы	Аймаққа бөлу коэффициенті
1	Тимирязев ауылдық округі, аймақ бойынша:	
	I. Тимирязево ауылы	1,95
	II-1. Тимирязево ауылы	1,95
	II-2. Тимирязево ауылы	1,95
	III. Тимирязево ауылы	1,95
	IV. Тимирязево ауылы	1,95
	V. Тимирязево ауылы	1,95
	Рассвет ауылы	1,3
2	Ақсуат ауылдық округі	
	Ақсуат ауылы	1,85
3	Ақжан ауылдық округі	
	Ақжан ауылы	1,8
	Приозерное ауылы	1,25
4	Белоградов ауылдық округі	
	Белоградовка ауылы	1,85
	Аксу ауылы	1,15
5	Дзержинский ауылдық округі	
	Дзержинское ауылы	1,8
6	Дмитриев ауылдық округі	
	Дмитриевка ауылы	1,85
	Жарқын ауылы	1,45
	Ынтымақ ауылы	1,35
7	Докучаев ауылдық округі	
	Докучаево ауылы	1,85
	Северное ауылы	1,15
8	Есіл ауылдық округі	
	Есіл ауылы	1,65
	Нарынгүл ауылы	1,1
9	Интернационал ауылдық округі	
	Дружба ауылы	1,8

10	Комсомол ауылдық округі	
	Комсомольское ауылы	1,85
11	Құртай ауылдық округі	
	Степное ауылы	1,75
	Ракитное ауылы	1,05
12	Ленин ауылдық округі	
	Ленинское ауылы	1,65
13	Мичурин ауылдық округі	
	Мичурино ауылы	1,85
14	Москворецкий ауылдық округі	
	Москворецкое ауылы	1,85
15	Хмельницкий ауылдық округі	
	Хмельницкое ауылы	1,85
16	Целинный ауылдық округі	
	Целинное ауылы	1,75

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК